



КӘСІПОРЫНДАР, КОМПАНИЯЛАРДЫҢ COVID-19 ПАНДЕМИЯСЫ ЖАҒДАЙЫНДА ҮЗДІКСІЗ ҚЫЗМЕТІНІҢ ҚАМТАМАСЫЗ ЕТІЛУІНІҢ ЖОСПАРЫ

(ҮҚҚЖ) әзірленуінің 6 кезеңі

Сәуір 2020 жыл

Құрметті жұмыс берушілер, Қазақстан Республикасының жұмыс берушілер (кәсіпкерлер) конфедерациясы, Қазақстанның барлық кәсіпорындары мен кәсіпкерлік компанияларға-ресурстары шектеулі кіші кәсіпорындарға үздіксіз қызмет етуді қамтамасыз ету жоспарын (ҮҚҚЖ) құру үшін осы құралды қолдануды ұсынады.

Бұл құралдың мақсаты -COVID-19 пандемиясына байланысты туындаған дағдарыс жағдайында кәсіпорындарға көмектесу. Бұл бірінші кезекте кәсіпорын үшін «Үздіксіз қызметін қамтамасыз ету жоспарын» (ҮҚҚЖ) әзірлеуді білдіреді. Бұл құрал мыналарға:

1. кәсіпорынның қауіптілік деңгейі мен осалдылық дәрежесін бағалауға;
2. кәсіпорында тәуекелдерді басқару және төтенше жағдайларға әрекет етудің тиімді жүйесін құруға мүмкіндік береді.

Бұл құрал **қызметкерлерге, үдерістерге, пайдаға және серіктестікке қатысты (орыс тілінде «4П» деп аталатын)** кәсіпорынға әсер ететін тәуекелдердің құрылымын және оның COVID-19 – дан осалдығын анықтауға мүмкіндік береді.

- ✓ **Қызметкерлер:** қызметкерлер мен олардың отбасыларының денсаулығы мен әл-ауқаты
- ✓ **Үдерістер:** кәсіпорын қызметі
- ✓ **Пайда:** кәсіпорынның кірістілігі
- ✓ **Серіктестік байланыстар:** экономикалық қызмет үшін қолайлы орта

Бұл құрал ең алдымен ресурстары шектеулі шағын кәсіпорындарға арналған. Құрылымдық жағынан ол екіге бөлінеді.

1. Бірінші бөлім тәуекелдерді жылдам бағалауға арналған. Бұл кәсіпорынның қауіптілік (осалдық) деңгейін анықтауға мүмкіндік береді.
2. Екінші бөлімде 6 сатылы үдерістің сипаттамасы берілген – елестетілген ШК мысалын қолдану – кәсіпорынға үздіксіз жұмысын қамтамасыз ету үшін жеке жоспар құруға көмектесу.

1 бөлім: Өзін-өзі бағалау арқылы тәуекелдердің құрылымын анықтау

Сұрақтарға сәйкес ұяшықты (иә немесе жоқ) белгілеп жауап беріңіз. Барлығы 4П (қызметкерлер құрамы, үдерістер, пайда және серіктестік) туралы 61 сұрақ. Осалдық деңгейі барлық оңтайлы жауаптарды қосу арқылы бағаланады.

Сенімсіздік немесе білмеген жағдайында ИӘ көрсетілуі керек.

I. Қызметкерлер: тәуекелдер картасы

Қауіпсіз өндірістік орта		
1. Кәсіпорын қызметінің географиялық аймағы қызметкерлердің қауіпсіздігі үшін қауіптермен сипатталады – мысалы, COVID-19 жұқтырғандардың жоғары үлесі.	<input type="checkbox"/>	Иә <input type="checkbox"/> Жоқ
2. Жұмысқа кіру және кету жұмысшылардың денсаулығына қауіпсіз емес (мысалы, қоғамдық көлікті пайдалану қажеттілігіне байланысты және т.б.).	<input type="checkbox"/>	Иә <input type="checkbox"/> Жоқ
3. Ауруға байланысты (жұмысқа келмеу) жұмыста болмау жағдайларының саны өсуде.	<input type="checkbox"/>	Иә <input type="checkbox"/> Жоқ
4. Кәсіпорын қызметінің сипатына байланысты еңбекті ұйымдастыруды өзгерту және жұмысшылардың үйде (қашықтықтан) жұмыс істеуі мүмкін емес.	<input type="checkbox"/>	Иә <input type="checkbox"/> Жоқ
5. Кәсіпорынға жеткілікті көлемде гигиена құралдарын (қол жуғыштар, антисептикалық құралдар, Қолға Арналған Сұйық сабын, қолғап, маскалар және т.б.) қамтамасыз ету қиын.	<input type="checkbox"/>	Иә <input type="checkbox"/> Жоқ
6. Кәсіпорында әзірге қызметті жүзеге асыру үшін (өнімді жеткізу, персоналды жеткізу) пайдаланылатын көлік құралдарын тұрақты санитарлық өңдеу үшін жабдықтар мен процедуралар жоқ.	<input type="checkbox"/>	Иә <input type="checkbox"/> Жоқ
7. Оқу орындарының жабылуына немесе жақындардың ауруына байланысты қызметкерлерге отбасылық жүктеме өсті (күтім бойынша міндеттер көлемі ұлғайды).	<input type="checkbox"/>	Иә <input type="checkbox"/> Жоқ
8. Кәсіпорын қызметкерлерінің немесе олардың жақындарының инфекцияны таратуы себебінен кәсіпорында COVID-19 жұқтыру жағдайлары байқалады.	<input type="checkbox"/>	Иә <input type="checkbox"/> Жоқ
9. COVID-19 пандемиясына қарсы іс-қимыл шараларынан туындаған жұмыстағы қолайсыз атмосфера қызметкерлердің уәждемесінің төмендеуіне әкеледі.	<input type="checkbox"/>	Иә <input type="checkbox"/> Жоқ
10. Қызметкерлер нақты немесе ықтимал ауру және (немесе) ТЖ алдында қорқыныш салдарынан жұмысты тастап кетеді.	<input type="checkbox"/>	Иә <input type="checkbox"/> Жоқ
11. Кейбір қызметкерлер тарапынан кемсітушілік (стигматизация) қорқыту мен қауіптер атмосферасы туындайды.	<input type="checkbox"/>	Иә <input type="checkbox"/> Жоқ
12. Клиенттермен (жеткізушілермен) тікелей физикалық байланыс қажет.	<input type="checkbox"/>	Иә <input type="checkbox"/> Жоқ
13. COVID-19 пандемиясы нәтижесінде қызметкерлер жақындарының өліміне немесе ауруына байланысты қиналып қалады.	<input type="checkbox"/>	Иә <input type="checkbox"/> Жоқ

14. Өнімдер (қызмет көрсету) өндірісі үшін қызметкерлердің жақын орналасуы қажет.	<input type="checkbox"/>	Иә	<input type="checkbox"/>	Жоқ
15. COVID-19 пандемиясына байланысты тәуекелдер мен ұсыныстар туралы ресми ақпаратпен күнделікті танысу үшін кәсіпорында арнайы қызметкер бар.	<input type="checkbox"/>	Иә	<input type="checkbox"/>	Жоқ
16. COVID-19 вирусының таралуына әкелуі мүмкін қауіпті өндірістік факторларды (мысалы, тұрақты санитарлық бақылау) анықтау үшін өзін-өзі бақылау рәсімдері іс жүзінде жоқ.	<input type="checkbox"/>	Иә	<input type="checkbox"/>	Жоқ
17. Ағымдағы немесе туындайтын қауіпті өндірістік факторларды (мысалы, жиі физикалық жанасуды талап ететін беттерді) анықтау үшін үй-жайларды тұрақты бақылау рәсімдері іс жүзінде жоқ.	<input type="checkbox"/>	Иә	<input type="checkbox"/>	Жоқ
18. Қызметкерлерді үйдегі жұмысқа ауыстыру мүмкін емес.	<input type="checkbox"/>	Иә	<input type="checkbox"/>	Жоқ
19. Қазіргі уақытта қызметкерлер COVID-19 туралы не білу керек және өзіне және басқаларға жұқтырудан қорғау үшін қандай негізгі сақтық шараларын сақтау керек екендігі туралы дайындықтан өтпеген (немесе осындай мүмкіндіктерге қол жеткізе алмаған).	<input type="checkbox"/>	Иә	<input type="checkbox"/>	Жоқ
20. Кәсіпорында денсаулық сақтау органдарына расталған кәсіпорын аумағында қызметкерлер мен халықтың жұқтыруының белгілі немесе күдікті жағдайлары туралы хабарлау тәртібі жоқ.	<input type="checkbox"/>	Иә	<input type="checkbox"/>	Жоқ

Барлығы _____ / 20

II. Үдерістер: тәуекел картасы

Ғимараттар мен құрал -жабдықтар

21. Кәсіпорын өнім берушілерден қызметті жүзеге асыру үшін қажетті өндірістік жабдықтарды сатып алуға қатысты қиындықтарға тап болды.	<input type="checkbox"/>	Иә	<input type="checkbox"/>	Жоқ
22. Өмірлік маңызды өндірістік жабдыққа техникалық қызмет көрсету үшін қажетті қызметтерді алуда іркілістер немесе елеулі іркілістер байқалады.	<input type="checkbox"/>	Иә	<input type="checkbox"/>	Жоқ
23. Кәсіпорын толық не ішінара сақтандырылмаған (мысалы, өз қызметкерлеріне, жабдықтар мен мал басына қатысты).	<input type="checkbox"/>	Иә	<input type="checkbox"/>	Жоқ

Тауарлық – материалдық қорлар

24. Кәсіпорын шикізаттың едәуір бөлігін импорттайды.	<input type="checkbox"/>	Иә	<input type="checkbox"/>	Жоқ
25. Порттар арқылы шикізатты (енгізілетін өндірістік ресурстарды) жеткізуді қамтамасыз етуде кідірістер байқалады.	<input type="checkbox"/>	Иә	<input type="checkbox"/>	Жоқ
26. Өмірлік маңызды тауарлық-материалдық қорларды жеткізуді қамтамасыз етуде қиындықтар байқалады.	<input type="checkbox"/>	Иә	<input type="checkbox"/>	Жоқ
27. Мемлекеттік органдар тарапынан шектеулерді (талаптарды) қатаңдату кәсіпорынға теріс әсер етті (мысалы, санитарлық бақылауды қатаңдату кәсіпорынға (кәсіпорыннан) өнімді жеткізудің кідіруіне алып келді).	<input type="checkbox"/>	Иә	<input type="checkbox"/>	Жоқ
28. Кәсіпорынның негізгі тауарлық және (немесе) материалдық қорларының көзі бір жалғыз жерде орналасқан.	<input type="checkbox"/>	Иә	<input type="checkbox"/>	Жоқ

Барлығы _____ / 8

III. Пайда: тәуекел картасы

Нарықтар		
29. COVID-19 пандемиясынан туындаған шектеулер кәсіпорын клиенттеріне және олардың өнімді (қызметті) сатып алу қабілетіне кері әсер етеді.	<input type="checkbox"/>	Иә <input type="checkbox"/> Жоқ
30. Қозғалыс еркіндігін шектеу кәсіпорынға теріс әсер етеді..	<input type="checkbox"/>	Иә <input type="checkbox"/> Жоқ
31. Кәсіпорын өнімдерінің (қызметтерінің) едәуір бөлігі сыртқы нарықтарға бағдарланған.	<input type="checkbox"/>	Иә <input type="checkbox"/> Жоқ
32. Бұл нарықтар қауіп деңгейі орташа немесе жоғары елдерде орналасқан.	<input type="checkbox"/>	Иә <input type="checkbox"/> Жоқ
33. Бұл нарықтарға өткізу көлемі қысқарды.	<input type="checkbox"/>	Иә <input type="checkbox"/> Жоқ
Жеткізушілер		
34. Шектеулер кәсіпорынның негізгі жеткізушілеріне және олардың енгізілетін ресурстарды жеткізуді жүзеге асыру қабілетіне теріс әсер етеді.	<input type="checkbox"/>	Иә <input type="checkbox"/> Жоқ
35. Мемлекеттік органдар тарапынан шектеулерді күшейту жеткізулерде іркіліске алып келеді.	<input type="checkbox"/>	Иә <input type="checkbox"/> Жоқ
36. Негізгі жеткізушілерге қатынас тек бір жолмен қамтамасыз етіледі.	<input type="checkbox"/>	Иә <input type="checkbox"/> Жоқ
37. Кәсіпорынның шұғыл жағдайларда тауарлар мен қызметтерді жеткізуді қамтамасыз ете алатын балама жеткізушілері жоқ.	<input type="checkbox"/>	Иә <input type="checkbox"/> Жоқ
38. Кәсіпорын қызметін жүзеге асыру үшін оған қажетті өмірлік маңызы бар ресурстар мен шикізаттың көпшілігін (75% – дан астамын) жеткізуге қатысты шетелдік жеткізушілерге байланысты.	<input type="checkbox"/>	Иә <input type="checkbox"/> Жоқ
Қоғам		
39. БАҚ ақпараты бойынша, көшедегі демонстрациялар мен саяси топтар өкілдерінің сөз сөйлеулеріне қарағанда, қоғамда ой-пікірлердің төзбеушілік пен ырымшылдықтың таралуының өсуі байқалады.	<input type="checkbox"/>	Иә <input type="checkbox"/> Жоқ
40. БАҚ жасайтын атмосфера өндірістік ортаға теріс әсер етеді.	<input type="checkbox"/>	Иә <input type="checkbox"/> Жоқ
Экономикалық орта		
41. COVID-19 пандемиясы өзінің қызметін жүзеге асыратын немесе жүзеге асыруды жоспарлайтын кәсіпорынға немесе нарықтарға тікелей әсер ете отырып, экономикалық белсенділікке әсер етеді.	<input type="checkbox"/>	Иә <input type="checkbox"/> Жоқ
42. Кәсіпорын өз қызметін жүзеге асыратын нарықтарда жұмыссыздық деңгейі өсуде.	<input type="checkbox"/>	Иә <input type="checkbox"/> Жоқ
43. Экономикалық құлдырау нәтижесінде қылмыстылық өсуде немесе кәсіпорынға бағытталған криминалдық белсенділік қауіпі арта түсуде.	<input type="checkbox"/>	Иә <input type="checkbox"/> Жоқ
44. Кәсіпорынға өз қызметін жүзеге асыру үшін қажетті ресурстар мен басқа да тауарларға бағаның күрт өсуі байқалады.	<input type="checkbox"/>	Иә <input type="checkbox"/> Жоқ

Барлығы _____ / 16

IV. Серіктестік байланыстар: тәуекел картасы

Коммуналдық қызметтер (сумен жабдықтау, электр энергиясы, кәріз, санитария)

45. Өмірлік маңызы бар коммуналдық қызметтерді (сумен жабдықтау, электрмен жабдықтау, байланыс, кәріз, санитария) жеткізудегі елеулі немесе ағымдағы іркілістер ол өз қызметін жүзеге асыратын кәсіпорынға немесе нарықтарға теріс әсер етеді. Иә Жоқ
46. Өмірлік маңызды коммуналдық қызметтерді (сумен жабдықтау, электрмен жабдықтау, байланыс, кәріз, санитария) жеткізудегі елеулі немесе ағымдағы іркілістер кәсіпорын қызметкерлеріне теріс әсер етеді (мысалы, егер іркілістер тұрмыстық қоқыстарды шығаруға қатысты болса). Иә Жоқ
47. Коммуналдық қызметтер бағасы айтарлықтай немесе күрт өсті. Иә Жоқ
48. Коммуналдық қызметтерге немесе мемлекеттік инфрақұрылым объектілеріне (мысалы, санитария саласында) қол жеткізу үшін сыбайлас жемқорлықтың өсуі байқалады. Иә Жоқ

Үшінші тұлғалар (тұтынушылар, бәсекелестер және қаржылық қызметтерді жеткізушілер)

49. COVID-19 пандемиясы кәсіпорын бәсекелестеріне және олардың өзінің бәсекеге қабілеттілігін сақтау қабілетіне теріс әсер етеді. Иә Жоқ
50. Қорғауды қамтамасыз ету (қорғау құралдары) бойынша тәжірибе алмасу үшін бәсекелестермен өзара әрекеттесудің мүмкіндіктері жоқ. Иә Жоқ
51. Тауарлық-материалдық қорлармен алмасу мақсатында бәсекелестермен өзара әрекеттесудің мүмкіндіктері жоқ. Иә Жоқ
52. Жабдық алмасу мақсатында бәсекелестермен өзара әрекеттесудің мүмкіндіктері жоқ. Иә Жоқ
53. Қаржыландыруға қол жеткізу немесе қаржылық қызметтерді жеткізушілердің қылықтарының нашарлауы байқалады (мысалы, несие берушілер алдындағы міндеттемелерді қатайту, жеткізушілер таңдауын азайту және т.б.), бұл кәсіпорынға теріс әсер етуі мүмкін. Иә Жоқ

Мемлекеттік инфрақұрылым (байланыс, жолдар, порттар)

54. Мемлекеттік инфрақұрылымға қол жеткізуге қатысты шектеулер кәсіпорын өз қызметін жүзеге асыратын немесе жүзеге асыруды жоспарлап отырған кәсіпорынға немесе нарықтарға немесе кәсіпорын қызметкерлеріне теріс әсер етеді. Иә Жоқ
55. Мемлекеттік инфрақұрылымның өмірлік маңызды қызметтеріне бағаның өсуі байқалады, бұл өз қызметін жүзеге асыратын кәсіпорынға немесе ол өз қызметін жүзеге асыратын нарықтарға теріс әсер етеді. Иә Жоқ

Саяси және нормативтік-құқықтық орта

56. Өз қызметін жүзеге асыратын кәсіпорынға немесе нарықтарға теріс әсер ететін талаптардың (яғни заңдар мен заңға тәуелді актілер) теріс немесе күрт өзгеруі Иә Жоқ

57. Саяси (құқықтық) ортаның белгісіздігінің өсуі байқалады, бұл өз қызметін жүзеге асыратын кәсіпорынға немесе нарықтарға теріс әсер етуі мүмкін. Иә Жоқ
58. Кәсіпорын қызметкерлеріне теріс әсер ететін талаптардың (яғни, заңдар мен заңға тәуелді актілер) теріс немесе күрт өзгеруі байқала ма? Иә Жоқ
59. Мемлекет COVID-19 пандемиясының өршуі кезеңінде кәсіпорындар мен қызметкерлерге көмектесе алатын субсидияларды (мысалы, жалдау ақысы немесе еңбекақы төлемі бойынша) әзірге енгізбеген. Иә Жоқ

Жалпы санитарлық аспектілер

60. Төтенше жағдайды жариялау немесе жүріп-тұру еркіндігін айтарлықтай шектеу сияқты шараларды қабылдау орын алды ма немесе күтілуде ме? Иә Жоқ
61. Кәсіпорында төтенше жағдайда әрекет ету жоспары жоқ. Иә Жоқ

Барлығы _____ / 17

Жаттығуды орындау 4П-нің қайсысы (персонал, процестер, пайда немесе серіктестік байланыстар) кәсіпорын үшін ең осалдық туғызатынын анықтауға мүмкіндік береді (атап айтқанда, қандай да бір аспектілер немесе айнымалылар). Жалпы осалдық дәрежесін есептеу үшін барлық оң жауаптарды өзін-өзі талдаудың төрт компонентінде қосу керек. Қорытынды соманы төмендегі кестеде көрсетіңіз.

Тәуекелді бағалау

Қызметкерлер	Үдерістер	Пайда	Серіктестік байланыстар	Қорытынды сома
/ 20	/ 8	/ 16	/ 17	/ 61

Қорытынды соманы түсіндіру: кәсіпорын тәуекелдерінің құрылымы

Қорытынды сома компанияны жақсы да, жаман да сипаттамайды. Бұл кәсіпорынның COVID-19 пандемиясына осалдығының бақылау көрсеткіші, дағдарыс жағдайында оның беріктілік қорын қай жағынан жақсартуға болатындығын анықтауға көмектеседі. Алайда, ең бастысы, ол ең үлкен қауіптің не екенін көрсетеді – персонал, жеткізілім тізбегі немесе компанияның үшінші тараптарға тәуелділігі.

Төменде қорытынды соманы түсіндіру. Егер оң жауаптардың сомасы тең болса:

- 40–61** Кәсіпорын COVID-19 туындаған дағдарыстың теріс салдарларына жоғары осалдықпен сипатталады. Оның әсері өте ауыр болуы мүмкін, бұл жағдай нашарлаған кезде кәсіпорынды ұзақ мерзімді үзілістерге әкелуі мүмкін. Кәсіпорын қандай қауіптерге – ішкі немесе сыртқы қауіптерге неғұрлым көбірек ұшырағанын және осы тәуекелдерді барынша азайту және пандемия жағдайында беріктік қорын арттыру жөнінде шаралар қабылдау қажет.

20–40 Дайындықты арттыру бойынша қабылданған шараларға қарамастан, кәсіпорынның осалдығы сақталады. Тұрақты қызметті қамтамасыз ету жоспарын жасауда қандай ішкі немесе сыртқы қауіп-қатерге ұшырайтындығын және осалдық элементтерін бірінші орынға қою керек.

0–20 Кәсіпорын өзінің беріктілік қорын арттыру үшін дұрыс бағытта қозғалады, алайда оның осалдығын төмендетуге болатын салалар бар. Ішкі және сыртқы қауіптердің нәтижесінде туындайтын тәуекелдерді басқаруды қамтамасыз ететіндей үздіксіз қызметті қамтамасыз ету жоспарын әзірлеу қажет.

2-бөлім: COVID-19 пандемиясы жағдайында үздіксіз қызметті қамтамасыз етудің 6-кезеңді жоспарын әзірлеу

Төменде кәсіпорынның үздіксіз қызметін қамтамасыз ету жоспарын (ҰҚҚЖ) әзірлеу үшін қажетті алты кезеңнің сипаттамасы келтіріледі:

1-кезең: Өмірлік маңызды өнімдерді немесе қызметтерді анықтау

Кәсіпорын үшін қандай өнімдер немесе қызметтер өмірлік маңызды болып табылады? Бұл үшін келесі критерийлерді ескеру қажет:

- ✓ Олар әкелетін табыстың үлесі
- ✓ Қажетті клиенттер саны;
- ✓ Олардың болмауынан болатын шығындар: қаржылық жағдайға, өнімділікке және беделге теріс әсер ету.

2-кезең: ҰҚҚЖ мақсатын анықтау

ҰҚҚЖ әзірлеу нәтижесінде кәсіпорын неге қол жеткізуді жоспарлап отыр?

3-кезең: Кәсіпорындағы үзілістердің кәсіпорынға және оның қызметкерлеріне ықтимал әсерін бағалау

Кәсіпорын қызметіндегі үзілістердің қолайлы ұзақтығы қандай? Өмірлік маңызды қызметті жүзеге асыру үшін кәсіпорынға қандай ресурстар, жеткізушілер, серіктестер және мердігерлер қажет?

4-кезең: Кәсіпорынды қорғау жөніндегі шаралар тізбесін әзірлеу

Ол үшін 4п кестесін пайдалану керек: қызметкерлер, үдерістер, пайда және серіктестік байланыстар үшін тәуекелді азайту жөніндегі шаралар («4П»деп аталатын).

- ✓ Қызметкерлер: қызметкерлер мен олардың жақындарының денсаулығы және әл-ауқаты
- ✓ Үдерістер: кәсіпорынның қызметі
- ✓ Пайда: кәсіпорынның рентабельділігі
- ✓ Серіктестік байланыстар: экономикалық қызмет үшін қолайлы орта

5-кезең: Байланыс жасаушылардың тізімін жасау

Сіздің қызметіңіз, негізінен, физикалық емес түрде өтеді (WhatsApp арқылы қоңырау шалу, қашықтағы кеңестер және т.б. арқылы). Ол үшін барлық негізгі қатысушылардың нақты және өзекті тізімі бар екеніне көз жеткізу керек.

6-кезең: ҰҚҚЖ тұрақты қайта қарау және өзектілендіруді жүзеге асыру

Төменде шағын кәсіпорындардың бірінің иесі жасаған ҰҚҚЖ үлгісі келтірілген.

Шағын кәсіпорынның иесі ретінде COVID-19 пандемиясының теріс әсерін төмендету үшін ҰҚҚЖ әзірлеген

Джойс Мкумура Кения жағалауында Момбаса қаласында орналасқан консервіленген сардин өндіру кәсіпорнының иесі. Ел аумағында кәсіпорын өз өнімдерін тікелей өткізеді, сондай-ақ оны экспорттайтын ірі фирмаларға сатады. Өнімнің шамамен 80% - ы үш компанияның тапсырысы бойынша шығарылады. Бұл компаниялар өз байланыстарының арқасында сыртқы нарықта өнімді сата отырып, өз тапсырыстарын үнемі жаңартып отырады. Кенияда COVID-19 вирусының таралуына байланысты Джойс жалпы алғанда 30 қызметкер жұмыс істейтін өз кәсіпорнын қорғау үшін ҰҚҚЖ әзірледі¹.

Джойс пандемияға байланысты тәуекелдердің өзін-өзі бағалауын өткізді, ол кәсіпорынның жоғары дәрежеде әртүрлі жеткізушілермен күнделікті қарым-қатынас жасау қажеттігіне байланысты тәуекелге ұшырайтынын көрсетті. Сонымен қатар, қызметкерлер еңбек етуде бір-біріне тікелей жақындақта. Өнімді өткізу порттардың қол жетімділігіне байланысты. Оның қалған бөлігі Кения аумағындағы басқа қалаларда жүзеге асырылады, бұл сенімді көлік қатынасына қажеттілікті тудырады. Бұл Джойсты ҰҚҚЖ-ны әзірлеу қажеттілігін түсінуге әкелді.

1 Бұл Кениялық кәсіпорындардың нақты тәжірибесіне сүйенетін ҰҚҚЖ-ның синтетикалық үлгісі. Джойс Мкумура-бұл ойдан шығарылған тұлға.

1-кезең: Өмірлік маңызды өнімдердің номенклатурасын анықтау

Кәсіпорынның басты өнімі консервіленген сардиндердің түр түрі болып табылады. Бұл өнімді сату-табыстың жалғыз көзі. Бұл ретте кәсіпорынның клиенттік базасы тар. Оның үлесіне сату көлемінің 80% тиесілі үш негізгі клиенті бар. Осы клиенттерге өнім жеткізілімінің болмауына байланысты шығындар оның қызметі үшін күрт теріс салдарларға әкеп соқтырады.

2-кезең: ҰҚҚЖ-ның мақсатын әзірлеу

Джойс «4п» өмірлік маңызды қорғауды қамтамасыз ететін қарапайым ішкі процедураларды: қызметкерлерді, үдерістерді, пайданы және серіктестік байланыстарды әзірлеу мақсатын қойды. Бұл мыналарды:

- ✓ кәсіпорын иесінің де, қызметкерлерінің де барынша физикалық және эмоциялық салауаттылығын қамтамасыз ету;
- ✓ іркіліс болған жағдайда кәсіпорынның жұмысын барынша жылдам қалпына келтіру;
- ✓ COVID-19 туындаған іркілістер жағдайында өмірлік маңызды өнім өндірісінің тұрақтылығын қамтамасыз ету;
- ✓ өнім жеткізу жүйесін қорғауды қамтамасыз ету;
- ✓ кәсіпорынның клиенттер алдындағы өз шарттық міндеттемелерін орындау кепілдігін білдіреді.

3-кезең: Кәсіпорынға және оның қызметкерлеріне іркілістердің әлеуетті әсерін бағалау

Джойс іркілістердің өмірлік маңызды қызмет түрлеріне әсер етуіне баға берді. Өнім өндіру және жеткізу үшін қандай жұмыс түрлері талап етіледі және рұқсат етілетін тұрып қалу уақыты қандай: кәсіпорынның негізгі үдерістерін оның өміршеңдігіне кері әсерін тигізбестен бұрын қандай уақытқа тоқтатуға болады. Ол өнімді өндіру мен жеткізу үшін қажетті процестерді және олармен байланысты тәуекелдер шоғырланған салаларды анықтады. Ол үшін қатысушыларға қысқаша талдау жасау керек болды. Кәсіпорын жұмысы үшін негізгі бес қатысушы маңызды: қызметкерлер, клиенттер, жеткізушілер, қосалқы қызметтер және реттеуші органдар.

- ✓ қызметкерлері: кәсіпорында жұмыспен қамтылған жергілікті тұрғындар санынан 30 қызметкер жұмыс істейді (бақытымызға орай, олардың көпшілігі жақын жерде тұрады және жұмысқа жаяу жетеді).
- ✓ тапсырыс берушілер: өнімнің 80%-ы оларды сыртқы нарыққа шығаратын үш компанияға арналған. Қалған 20% ішкі нарықта сатылады (оның 15% -ы Найробидегі көтерме сауда базарында).
- ✓ жабдықтаушылар: кәсіпорын **үш жабдықтаушыға** байланысты. Біріншіден, бұл ыдысты жеткізуші (консерві банкарлары); екіншіден, Найроби баспахана, ол өнім үшін заттаңбаларды басып шығарады; үшіншіден, (ең маңызды) бұл кооперативтерге біріктірілген жергілікті балықшылар. Барлық жеткізушілермен үнемі байланыс орнату қажет, бірақ балықшылармен физикалық байланыс барынша жиі болуы керек.
- ✓ қосалқы қызметтер: бұл қызметке Джойс пайдаланатын көлік компаниясы және күзет кәсіпорны жатады.
- ✓ реттеуші органдар: оларға лицензия беретін тамақ өнімдерінің стандарттары жөніндегі комитет; жергілікті өзін-өзі басқару органдарының құрамындағы салық органы және санитарлық-гигиеналық қадағалау департаменті кіреді.

Көріп отырғаныңыздай, құрметті жұмыс берушілер, бұл талдау кәсіпорынның сыртқы қатысушылардың әл-ауқатына, сондай-ақ жеткізушілерге, қолдау қызметтері мен тапсырыс берушілерге, олардың бизнесінің жағдайына байланысты болатындығын көрсетті. Джойс шындап іркілістер болған жағдайда компания 4-6 апта ішінде банкротқа ұшырай алатынын тез түсінді. Ол «өмірлік маңызды әрекеттерді тоқтатудың» әсерін анықтады. Жоғарыда аталған қатысушылардың әрқайсысын бағалай отырып, ол олардың жұмысындағы кез-келген үзіліс, сондай-ақ, кәсіпорынның жұмысына кедергі болатындығын түсінді.

Джойстың пікірінше, келесілер бұзылулардың негізгі ықтимал факторлары болып табылады:

- ✓ қызметкерлердің аурулары (кәсіпорындар да, жеткізушілер де, қосалқы қызметтер де);
- ✓ билік органдарының жүріп-тұру еркіндігін шектеуі кәсіпорынның өзінің де, оның жеткізушілерінің де жұмысын бұзуы мүмкін;
- ✓ билік органдарының порттарға қол жетімділігін шектеуі кәсіпорын тұтынушыларының өз өнімдерін нарыққа жеткізу қабілетіне нұқсан келтіруі мүмкін;
- ✓ биліктің коммуналдық қызметтерді жеткізуді қамтамасыз ете алмауы (туындаған алаңдаушылық негізінен су және электр энергиясын жеткізумен байланысты);
- ✓ кәсіпорын өніміне сұраныстың төмендеуі.

Джойс қандай оқиғалар оған бағынбайтынын және олардың жеткізушілерге ықтимал әсері туралы, сондай-ақ қандай оқиғалар онған көбірек немесе азырақ бағыныңқы туралы ойлады. Бір жағынан, оның кәсіпорны едәуір дәрежеде басқа тараптарға, негізінен жеткізушілерге тәуелді болды және бұл ретте мемлекеттік органдар тарапынан мүмкін болатын шектеулердің алдын ала алмады. Екінші жағынан, консервіленген өнімдерге сұраныс артты.

4-кезең: кәсіпорынның қызметін қорғау бойынша шараларды жүзеге асыру

Қызметкерлер

- ✓ Джойс кәсіпорындағы байланыс нүктелерін жалғыз етіп, санитарлық-гигиеналық пункт құрып, қызметкерлердің де, өзіне де жұқтыру қаупін азайту туралы шешім қабылдады.
- ✓ (санитарлық) қауіпсіздік шараларынан басқа, ол ауысымдық жұмысты басқаша ұйымдастыру керек болатын әлеуметтік қашықтандыруды ескере отырып, стандартты жұмыс тәртібін қайта қарастырды – ол осы мәселені қызметкерлермен талқылады.
- ✓ Сонымен қатар, Джойс жұмысқа келмеу жағдайларына дайын болды.

Үдерістер

- ✓ Жалпы алғанда бастаманы өз мойнына алып, Джойс қызметкерлерден, олардың қайсысы күнделікті санитарлық-гигиеналық пункттерді қорғау құралдарымен қамтамасыз ету; кәсіпорынға кірерде барлық қызметкерлердің, жеткізушілердің, клиенттердің, келушілердің температурасын өлшеу пунктін ұйымдастыру; істердің жай-күйін және орын алған өзгерістерді бағалау үшін жеткізушілермен және клиенттермен күн сайын консультациялар өткізу; сондай-ақ барлығын тұрмыстағы сақтық шараларымен таныстыру сияқты тапсырмаларды орындауға дайын екенін сұрады.
- ✓ Джойс барлық клиенттермен және жеткізушілермен олардың қауіпсіздік жүйелері мен олардың жаңа ережелерге сәйкестігін талқылады.

- ✓ Кейбір жеткізушілерге (мысалы, балықшыларға) Джойс кәсіпорны қолма-қол ақша төлеген. Пандемия жағдайында ол барлық төлемдерді (кіріс және шығыс) қолма-қол ақшасыз нысанға аударуды шешті.
- ✓ Джойс барлық деректерді үнемі немесе автоматты түрде үйінде резервтік тасымалдағышта, өзін-өзі оқшаулау қажеттілігі туындауы мүмкін жағдайға орай сақтап отырды.

Пайда

- ✓ Джойс консервіленген өнімге деген сұраныстың өсіп келе жатқанына, бұл өткізу көлемінің ұлғаюына мүмкіндік бергеніне назар аударды. Ол жергілікті бес жұлдызды қонақ үймен шарт жасады, ол бойынша қонақ үй шикізатты сақтау үшін тоңазытқыш қуаттарын, сондай-ақ дайын өнімге арналған күзетілетін қоймада орын бөлді. Дайын өнімнің сақтау мерзімі көп болды, бұл нақты артықшылық берді.
- ✓ Джойс өзінің негізгі жабдықтаушыларымен (балық аулау кооперативімен) келіссөздер жүргізді және олардың жағалаудағы басқа кооперативтермен келісімдері бар екенін білді. Момбаса өңірін сыртқы әлемнен айтарлықтай оқшаулаған жағдайда осы уағдаластықтарды пайдалана отырып, өнімнің баламалы көздерін табуға болады.
- ✓ Джойс өзінің қаржылық қажеттіліктеріне сүйене отырып, әр түрлі жағдайлардың модельдерін іркіліс жағдайында әзірлей отырып, өзінің күнделікті операциялық шығындарына (еңбекақы төлеу, жалға алу, шикізат пен материалдарды жеткізу және т.б.) талдау жүргізді.
- ✓ Джойс несие берген банк қызметкерлерімен үнемі қарым-қатынаста болды. Олар ол әзірлеген ҰҚҚЖ туралы хабардар болды және нәтижесінде егер керек болған жағдайда оның кредитіне қызмет көрсетудің неғұрлым икемді шарттарын ұсынды.

Серіктестік байланыстар

- ✓ Джойс өзінің негізгі үш тұтынушысымен келіссөздер жүргізді (экспортқа өнім сатып алу), Кения жұмыс берушілер федерациясымен және үкіметпен келіссөздер жүргізу үшін және порттардың ашық болуын нақтылау үшін байланысуды ұсынды.
- ✓ Ол басқа төрт ШК иелерімен олардың әрқайсысымен сақтық шараларын қолдану тәжірибесімен алмасу үшін келісім жасады. Олар қызметкерлердің денсаулығын сақтау мақсатында бірыңғай рәсімдер кешенін келістірді. Сонымен қатар, олар еңбекті ұйымдастыру мәселелерін, мысалы, жұмыс уақытының өзгеруіне, персоналдың қысқаруына және басқа да кадрлық мәселелерге байланысты мәселелерді шешу туралы ақпарат алу жөніндегі шығындарды өзара бөлуге уағдаласты.
- ✓ Джойс салық органдарымен салықтарды төлеу бойынша кейінге қалдыру мүмкіндігі туралы келіссөздер жүргізді, ол туралы БАҚ хабарламаларынан білген.

5-кезең: байланыстағы тұлғалардың тізімін жасау

- ✓ Джойс бірыңғай тізімге төтенше жағдайда көмек көрсете алатын мемлекеттік органдар мен үшінші тұлғалардың (полиция, ТЖМ, өрт сөндіру, жақын ауруханалар, сақтандыру компаниялары) байланыс телефондарының нөмірлерін жинады.
- ✓ Сонымен қатар, ол өз қызметкерлерінің лауазымдары мен байланыс деректемелерін (ұялы телефон нөмірлері, электрондық пошта мекен-жайлары), сондай-ақ қызметкерлерге жедел жәрдем көрсету қызметін көрсете отырып, тізбесін құрады.

- ✓ Джойс клиенттердің, жеткізушілердің, мердігерлердің және мемлекеттік органдардың тізімін құрады, олармен байланысатын тұлғаларды және олардың деректемелерін (ұялы телефон нөмірі, электрондық, пошталық мекенжайы) қоса алғанда, оның кәсіпорны өзара іс-қимыл жасаған. Бұл мәліметтер оның олармен байланысын қамтамасыз етті.
- ✓ Джойс пандемия (Facebook, WhatsApp, Google) жағдайында өз жұмысшыларымен байланыс тәсілдерін анықтады және төтенше жағдайда қызметкерлерді шақыру иерархиясын жасады.

6-кезең: ҮҚҚЖ тұрақты қайта қарау және өзектендіру

Джойс апта сайын өз жоспарын қайта қарап, өзектендіруді жүргізді:

- ✓ оның мақсатын нақтылау және тиімділігін арттыру;
- ✓ тәуекел дәрежесін, кәсіпорынның үздіксіз қызметін қамтамасыз ету стратегияларын нақтылау және ҮҚҚЖ да көзделген басқа да рәсімдерді жүзеге асыру;
- ✓ ҮҚҚЖ-ға енгізілген барлық үдерістерді біртіндеп жақсарту.

Құрметті жұмыс берушілер, Сіз туындаған мәселелер бойынша Қазақстан Республикасы жұмыс берушілерінің (кәсіпкерлерінің) конфедерациясына жүгіне аласыздар. Конфедерация сіздің кәсіпорыныңыздың жоспарын (ҮҚҚЖ) әзірлеудегі бұл ұсыным сізге елеулі көмек көрсетеді және сіз барлық мәселелерді шеше аласыз деп үміттенеді. Жазу кезінде жоспардың көшірмесін ҚР жұмыс берушілерінің конфедерациясына жіберулеріңізді сұраймыз.

Біздің байланысымыз:

Қазақстан Республикасы, Алматы қ., Радостовец к-сі, 212

Моб.: +7 705 195 90 05, +7 705 251 27 00

E-mail: vmb.krrk@mail.ru, krrk@krrk.kz